



## БҰЙРЫҚ

01.08.2014 ж.

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№ 15-01-06/77

город Астана

### Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

2002 жылғы 3 шілдедегі № 331 «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1396 қаулысымен бекітілген пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеулік, өндірістік сынақтауды және мемлекеттік тіркеуді жүргізу Қағидасының 45-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуіне байланысты, Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізімінен осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес пестицидтер (улы химикаттар) алынып тасталсын.

2. Регистранттардың ауысуына байланысты, Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізімінен осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес регистранттардың атауы өзгертілсін.

3. Қазақстан Республикасы аумағында 2013-2022 жылдары қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің (улы химикаттардың) Тізіміне № 2 Толықтыру осы бұйрықтың 3 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Мемлекеттік фитосанитариялық инспекция басқармасы Тізімді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыру және типографиялық тәсілмен басып шығару жөніндегі шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Төрағасының орынбасары А.М. Марсқа жүктелсін.

Комитет төрағасы

 С. Хасенов